

ХАТТАМА

«Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК ХАТТАМА №7 17.10.2024ж.	«Жанаозенский колледж сервиса и новых технологий» ГККП ПРОТОКОЛ №7 17.10.2024г.
---	---

2024-2025 оқу жылының IV тоқсан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы жиналысының отырысы

Төрайым – С.С.Жукенова
Хатшы – О.Д. Қалабаева
Қатысқандар: 58
Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІ

1. 1 курстар арасында топ жетекшілерінің адалдық сағаттарын ұйымдастыруы туралы
2. 1 курстар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ» атты тақырыпта суреттер байқауы туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

1. О.Қалабаева - хатшы. 2024-2025 оқу жылының 1 курстар арасында топ жетекшілерінің адалдық сағаттарын ұйымдастыруы туралы жауапты маманы О. Қалабаеваның баяндамасы назарға алынсын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Қалабаева Орынгул – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жауапты маманы. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша 1 курстар арасында топ жетекшілерінің адалдық сағаттарын ұйымдастыруы туралы жоспарланған. Адалдық сағат бойынша топ жетекшілердің ішінде Айтекенова Саулеш эксперименттік топпен бірге өткізді. Негізгі мақсат білім алушы студенттерге адалдық пен әділдік туралы түсінік беру, олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру, ұлтжанды, өз ісінің озығы бола білген қоғам қауіпкерлерінің өмірі мен еңбек жолын болашақ ұрпаққа үлгі көрсету және өнеге алу.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжінің 1 курстар арасында адалдық сағаттары жүргізілсін. Жауапты: БТЖ орынбасары Ю.Кисбаев.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. О.Қалабаева - хатшы. 2024-2025 оқу жылының 1 курстар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ» атты тақырыпта суреттер байқауы туралы баяндап кетті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Ю.Кисбаев – басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша 1 курстар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ» атты тақырыпта суреттер байқауы жоспар бойынша қазан айына белгіленіп отырған еді. Колледждің барлық 1 курс студенттері бұл байқауға қатысты. Мақсаты - Өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту және сыбайлас жемқорлық фактілеріне теріс көзқарасқа, жемқорлыққа қарсы қоғамдық пікірді қалыптастыру болды. Байқау барысында білім алушылар жемқорлық елдің ұлттық мүдделеріне, экономикалық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіретінін сурет арқылы түсіндіре білді. Нәтижесінде «үздік» деп танылған білім алушылардың жұмысы марапатталды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шаралар уақытында жүргізілсін. Жоспар бойынша жұмыстың орындалысын колледждің тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары және жауапты маманға жүктелсін.

Төрайымы:

Хатшысы:



**Тулеуова Айгуль Жанабаевна
Калабаева Орынгуль Джаумитбаевна**